


**Тіл ұстарту.
Әр түрлі стильді
қарым-қатынас жасау**



Жоспар:

- I. Қарым-қатынас туралы жалпы ұғым.
- II. Педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері.
- III. Қарым-қатынас стильдерінің түрлері.
 - A. *Авторитарлық стиль*
 - B. *Демократиялық стиль*
 - C. *Либералды стиль*

- ▣ **Қарым-қатынас** дегеніміз – адамның өзге қоғам мүшелерімен өзара әрекеттесуінің айрықша формасы. Қарым-қатынастың вербалды, бейвербалды түрлері бар. Олар коммуникатік, интегративті, прецептивтік қызметтерді атқарады.

- Келесі заңдылықтың табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Мәселен, ежелгі софистердің пікіріне жүгіне айтар болсақ, даналыққа ұмтылушы талантты ұстаз үш түрлі қасиетке ие болуы тиіс:
- 1) ойлана білу;
- 2) өз пікірін үйлесімді айта білу;
- 3) өз міндетін жақсы атқара білуі керек.
- М.М. Сперанский кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, *«жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары зажап сөйлей білуі тиістігін»* жазады.

- **Қарым-қатынас стилі** деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз.
- Мұғалімнің мынадай қарым-қатынас стильдері белгілі:
 1. *авторитарлық стиль;*
 2. *демократиялық стиль;*
 3. *либералды стиль.*

▣ Авторитарлық стильде оқушы тең дәрежелі емес, педагогикалық әсердің объектісі ретінде қарастырылады.

- Мұғалім шешімді өзі қабылдайды, жағдайды және оқушылардың пікірін ескермей талап қояды.

Авторитарлық стильді ұстанатын мұғалім өте қатал, өз айтқанын екі етпей орындағанын қалайды, оқушылар өз ойын, пікірін ашық айта алмайды. Олар қорқақ, селсоқ рөл атқарады. Қоғамдық жұмысты, сабақты мұғалімнің алдында тәртіпті бола қалады да, мектептен тыс жерлерде түрлі тәртіпсіздік көрсетеді.

- ▣ Демократиялық стильде оқушылар қарым қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен бірлесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді.
 - Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді. Мұндай мұғалімдерге үлкен кәсіби тұрақтылық, өз мамандығына қанағаттану тән.

- ▣ Либералды стильде мұғалім шешім қабылдаудан бас тартады, барлығын оқушыларға, қызметтестеріне ысырайды.
 - Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және бақылау жүйесіз жүзеге асады, шешімсіздік, толғаныс байқалады.

Қорытынды

Алғашқы кезекте педагогикалық іс-әрекеттің барысында шешендік өнердің элементтерінің практикалық тұрғыда қолдану мәселесі ойлантады. Көне Римнің мыңдаған жылдар бұрынғы шешені, шешендік өнер теоретигі Цицерон *«ақын болып туады, шешен болып шығады»*, - деп, ақылдық тума талантқа, ал шешендік көп оқып, ізденіп, көп сөйлеп жаттығушылыққа байланысты деген. Осыған байланысты ата-бабаларымыздан қалған *«Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады,»* — деген сөзі бар емес пе еді. Демек, тілді әлеуметтік құбылыс десек, ол адамның қоғамда біртіндеп әлеуметтенуі арқылы тілдік ортаның әсерімен жүзеге асады. Цицерон айтқандай шешендік өнерді жетілдіруге әдістемелік білік-дағдылар жүйесін жете меңгеру арқылы өтуге мүмкіндік береді, - деп тұжырымдайды А.Қыдыршаев.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!